ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қыркүйек іс №4360-23-00-2/1880 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы Л.Ж.Алтынбаеваның қатысуымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қоғалыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Min Max» атауымен әрекет етуші Абдикадиров Улугбек Кошкартаевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Н.Бейбітәлі,
Талап қоюшының өкілі Т.Ералина,
Жауапкер У.Абдикадиров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 5 шілдеде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №53 Қоғалыкөл елді-мекеніндегі жолдарды жамау арқылы жөндеу жүргізу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 2 450 000 теңгеге 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін жұмыстарды орындауды міндеттенген.

Шарттың қолданылу мерзімі 31 шілде 2023 жыл болып белгіленген.

Яғни, шарттың қолданылу мерзімі аяқталған.

Жауапкер 3 тамыз 2023 жылғы хатында шарт талаптарын орындаудан бас тартатынын көрсетіп, талап қоюшыға хат берген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 25.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Бержанов К. М., 09.11.2023
4360-23-3-1/2058

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуышысы деп тану және 4900 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа берген қарсы пікірінде шартта банк реквизиттері қате жазылғанын, сондықтан шарт міндеттемелерін орындай алмағанын, жозықсыз қатысушы деп тануға қарсы екенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Т.Ералина талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер келісім шартты осы уақытқа дейін орындамағандығын атап, жауапкер шартты орындаудан бас тарту туралы хат бергенін, жауапкер бір күнге 2450 теңге тұрақсыздық айыбын төлегенін, екі күнге тұрақсыздық айыбы 4900 теңгені құрап отырғанын, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі У.Абдикадиров талап қоюмен келіспей, шарт мәтінінде өздерінің банктік шотында қате кеткенін, оны өзгерте алмағанын, шарттың қолдану мерзімі аяқталып қалғанын, сондықтан жұмысты жасай алмай қалғанын, тұрақсыздық айыпты төлейтінін, жозықсыз қатысушысы деп тануға қарсы екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Н.Бейбітәлі талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 25.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Бержанов К. М., 09.11.2023
4360-23-3-1/2058

Сот отырысында анықталғандай жауапкер осы күнге дейін өз міндеттемесін орындамаған, шарт бойынша белгіленген жұмысты атқармаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 4 тамызда жүгінген.

Бұндай жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді деп сот санайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Жауапкер тұрақсыздық айыбының бір күніне 2450 теңге сомасын төлеген.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы кешіктірілген 2 күнге 4900 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 872 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қоғалыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Min Max» атауымен әрекет етуші Абдикадиров Улугбек Кошкартаевич жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Min Max» атауымен әрекет етуші Абдикадиров Улугбек Кошкартаевич жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Min Max» атауымен әрекет етуші Абдикадиров Улугбек Кошкартаевич жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 25.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Бержанов К. М., 09.11.2023
4360-23-3-1/2058

айыбы 4900 (төрт мың тоғыз жүз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 872 (бір мың сегіз жүз жетпіс екі) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Көшірме дұрыс

Судья **Қ.М.Бержанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 07.11.2023 жылы енді

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Бержанов К. М., 09.11.2023

4360-23-3-1/2058

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Бержанов К. М., 09.11.2023

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№
Организация/отправитель	АППАРАТ АКИМА АУЛЬНОГО ОКРУГА КОГАЛЫКОЛ СЫРДАРЬИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Бержанов К. М., 09.11.2023

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

09.11.2023 № 4360-23-5-29/15767

«Қоғалыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен талап қоюшы «Қоғалыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекмесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Min Max» атынан әрекет етуші Абдукадиров Улугбек Кошкартаевичке мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енген шешім көшірмесі жолданады.

Қосымша: Шешім көшірмесі заңды күшіне енген белгісімен « 4 » парақта.

Судья **Қ.Бержанов**

Орынд.: Алтынбаева Л. Ж.
тел.: *8-7242-55-98-62, 724-2465@sud.kz*

Құжатты жасаған: АЛТЫНБАЕВА Л. Ж., 8-7242-55-98-62, 724-2466@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БЕРЖАНОВ К. М., 09.11.2023 18:05

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

Информационная система «Төрелік» - Документооборот

4360-23-5-29/15767 09.11.2023

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№
Организация/отправитель	АППАРАТ АКИМА АУЛЬНОГО ОКРУГА КОГАЛЫКОЛ СЫРДАРЬИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.